

## Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-француз үкіметаралық жұмыс тобының бесінші мәжілісін өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 28 қыркүйек N 1466

Қазақстан Республикасы мен Француз Республикасы арасындағы өзара тиімді екіжақты ынтымақтастықты жандандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі 2000 жылғы 4-5 қазанда Алматы қаласында Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-француз үкіметаралық жұмыс тобының бесінші мәжілісін өткізсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы іс-шараны өткізуге "Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша 2000 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың есебінен қаражат бөлсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі француз делегациясы мүшелерінің әуежайда, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүру бағыты бойынша еріп жүруді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Приложение 1

Смета

расходов на проведение пятого заседания

казахстанско-французской межправительственной комиссии

по экономическому сотрудничеству (3-5 октября 2000 года)

---

| N !  | Статья расходов | ! Сумма расходов, ! | Сумма расходов |
|------|-----------------|---------------------|----------------|
| п/п! |                 | ! в долл. США       | ! в тенге      |

---

|   |                                                                                                                    |          |          |
|---|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|----------|
| 1 | Аренда зала для проведения заседания<br>Зал коллегии Академии наук МОиН РК                                         | 310      | 44640,0  |
| 2 | Аренда автотранспорта<br>1 легк.а/м 700 х 10 час.<br>1 микроавтобус 700 х 10 час.                                  | 14000    |          |
| 3 | Канцелярские товары                                                                                                | 5000     |          |
| 4 | Памятные подарки для членов французской<br>части Комиссии                                                          |          | 50000    |
| 5 | Буфетное обслуживание<br>1040 х 2 раза х 28 чел.                                                                   | 58240    |          |
| 6 | Прием от имени Правительства РК<br>5000 тенге х 28 чел.                                                            | 140000   |          |
| 7 | Проживание в гостинице "Анкара"<br>г. Алматы<br>300 х 2 суток - глава делегации (1 чел.)<br>250 х 2 суток (1 чел.) | 1100     | 158400,0 |
|   | Всего                                                                                                              | 470280,0 |          |

---

Курс: 1 долл. США = 144, 00 тенге

Мамандар:  
Қобдалиева Н.М.  
Орынбекова Д.Н.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК